



Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 шілде N 1135. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.04.21. N 369 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 18шілдедегі
N 1135 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі
комитеті (Ауылшарминінің Жерресурскомы) туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) жер ресурстарын басқару, сондай-ақ топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды басқару жөніндегі мемлекеттік орган болып табылады.

2. Комитет өз құрылымына кіретін облыстық және Алматы қалалық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттермен, сондай-ақ геодезиялық және жерге орналастыру бейініндегі кәсіпорындармен бірлесіп Қазақстан Республикасындағы жер ресурстарын басқару жөніндегі бірыңғай мемлекеттік ж ү й е н і қ ұ р а й д ы .

Облыстардағы, аудандардағы, Алматы қаласындағы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеттер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің аумақтық органдары болып табылады.

3. Комитеттің штат кестесін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі белгілейді.

4. Комитеттің аппаратын және оның аумақтық органдарын ұстауға кететін шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігін ұстауға көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

5. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

6. Комитеттің өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдері барлық органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың және азаматтардың о р ы н д а у ы ү ш і н м і н д е т т і .

7. Комитет заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Бюджет банкісінде бюджеттік және ағымдағы шоттары, оқшауланған мүлкі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

II. Негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары

8. Комитеттің өз қызмет аясындағы негізгі міндеттері мыналар болып т а б ы л а д ы :

жер ресурстарын басқару және жер қатынастарын реттеу саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу;

геодезиялық, астрономиялық-геодезиялық, аэроғарыштық, топографиялық және картографиялық жұмыстарда, стандарттау мен инженерлік жабдықтауда бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу;

жер реформасы жөніндегі жұмыстардың тікелей орындалуын ұйымдастыру;

жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жасау;

жерді ұтымды пайдалану, топырақтың құнарлығын сақтау және ұдайы жақсартып отыру үшін әлеуметтік-экономикалық және

ұйымдастырушылық-шаруашылық жағдай жасау;
жерге орналастыру, мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингін жүргізу
;

жер қатынастары саласында мемлекет мүддесін қорғау;
жерді аудандастыруды ұйымдастыру, жер учаскелерінің шекараларын
белгілеу және тиісті құжаттарды ресімдеу;

жер және жер пайдалану құқықтары нарығының, сондай-ақ жер реформасын
іске асыруға байланысты кәсіпкерлік қызметтің қалыптасуы мен дамуына
ж ә р д е м д е с у ;

топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды басқару;
Қазақстан Республикасында геодезиялық қадағалауды жүзеге асыру;
елдің суретке түсіру мен картаның барлық түріне геодезиялық және
нивелірлік деректерге, картографиялық, инженерлік-геодезиялық және
маркшейдерлік жұмыстарға деген қажеттілігін қамтамасыз ету, оларды орындау
технологиясының сақталуына бақылау және қадағалау жөніндегі жұмыстарды
ү й л е с т і р у ;

мемлекеттік геодезиялық жүйені дамыту;
жер қатынастарын реттеу, жер ресурстарын басқару, жерге орналастыру,
сондай-ақ топографиялық-геодезиялық, картографиялық және оларға
байланысты өзге де жұмыстар мәселелері бойынша заң және басқа да
нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу.

9. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

1) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы
органдарымен жер қатынастарын реттеу, жерді пайдалану мен қорғау, жер
реформасын жүргізу мәселелері бойынша өзара бірлесіп іс-қимыл жасайды;

2) жер реформасын жүргізу жөніндегі жұмысты үйлестіреді, оны ғылыми,
кадр және әдістемелік жағынан қамтамасыз етеді, жерге орналастыру және жер
реформасы жөніндегі шараларды әзірлеп, оларды іске асыруды қамтамасыз етеді;

3) жер мониторингін, мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді ұйымдастырады
ж ә н е қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

4) Қазақстан Республикасының жер ресурстарының жай-күйі туралы деректер
б а н к і н құ р а й д ы ;

5) өнеркәсіптік және өзге де мақсаттағы объектілерді салу, қайта жаңарту,
кеңейту, консервациялау немесе жою кезінде, соның ішінде шаруашылық ішілік
құрылыс, геологиялық барлау, іздестіру және басқа да жұмыстарды жүргізу
кезінде жер заңдарын бұзушылықты жоюға шаралар қабылдайды;

6) қолда бар жерлер мен олардың санаттар, жер бөліктері, жер учаскелерінің
меншік иелері және жер пайдаланушылар бойынша бөлінуі туралы, жерді

пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау туралы, бүлінген жерлерді қалпына келтіру, топырақтың құнарлы қабатын сылып алу және пайдалану туралы жыл сайынғы республикалық есепті жасайды;

7) жерге ақы төлеу мен жерді ұтымды пайдалануды экономикалық ынталандыру шаралары бойынша ұсыныстар әзірлейді;

8) өз құзыретінің шегінде:

жеке меншікке сату немесе мемлекеттің жер пайдаланылуына беру кезінде және оларды аманатқа беру кезінде нақты жер учаскелерінің (жер пайдалану құқығының) құнын айқындауды;

Қазақстан Республикасының жерін аудандастыруды;
жер учаскелерінің бөлінуін және бөлінбеуін айқындауды қамтамасыз етеді;

9) мыналарды:

заңдарды бұза отырып пайдаланылатын және пайдаланылмайтын жерлерді анықтауды;

республикалық, облыстық, аудандық бағдарламаларды, схемалар мен жобаларды сараптауды;

жер реформасын жүргізу мақсатында республикалық маңызы бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық, жобалау-іздігіру жұмыстарының тапсырысшысы функцияларын;

өндірістік бөлімшелердің күшімен жерге орналастыру, сондай-ақ топографиялық-геодезиялық, инженерлік-геодезиялық, маркшейдерлік, картографиялық, топырақтық, агрохимиялық, геоботаникалық жұмыстарды және басқа да зерттеу мен іздестіру жұмыстарын;

жер учаскелеріне меншік құқығына, жерді тұрақты пайдалану құқығына актілерді әзірлеу мен беруді;

жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды;
әкімшілік-аумақтық бірліктердің шекараларын техникалық ресімдеуді ұйымдастырады және жүзеге асырады.

10. Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін Комитет:

1) жер заңдарын қолдану тәжірибесін тұжырымдайды, оны жетілдіру жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар әзірлейді;

2) геодезиялық, астрономиялық-геодезиялық, аэроғарыштық, топографиялық және картографиялық жұмыстарда, стандарттау мен инженерлік жабдықтауда бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізеді;

3) мемлекеттік республикалық картографиялық қорды жүргізеді және оны үнемі толықтырып отырады;

4) геоақпараттық жүйелер, республика аумағындағы жер ресурстарының мемлекеттік республикалық картографиялық-геодезиялық қоры мен картографиялық қорын жасайды;

5) геодезиялық жүйелер мен карталарды жоспар бойынша тұрақты түрде жаңартып отыру арқылы оларды қазіргі заманға сай күйде ұстайды;

6) топографиялық-геодезиялық, картографиялық және аэросуретке түсіру материалдарын пайдаланудың тәртібін белгілейді және ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, ұйымдарда бұл материалдардың есепке алынуына, көбейтілуіне және сақталуына бақылауды ұйымдастырады;

7) белгіленген тәртіппен тысқары ұйымдар мен азаматтарға геодезиялық және топографиялық ақпараттарды беру және басқа көрсетілген қызметтер үшін ақы мөлшерін анықтап, оны тиісті мемлекеттік органдардың бекітуіне енгізеді;

8) белгіленген тәртіппен халықаралық ұйымдарда геодезия мен картография мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүддесін білдіреді, басқа елдердің геодезиялық қызметтермен қарым қатынаста болады;

9) белгіленген тәртіп бойынша:
мемлекеттік топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарға басшылықты;

Қазақстан Республикасының барлық аумағында геодезиялық және нивелирлік жұмыстарды бірыңғай координаталар мен биіктіктер жүйесінде жүргізуді ұйымдастыруды;

аэрофотосуретке түсіру жұмыстарын Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Қорғаныс министрлігімен келісуді;

сыртқы экономикалық байланыстарды және жерді пайдалану мен қорғау саласында және өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шетелдік мемлекеттік органдармен, ғылыми ұйымдармен және фирмалармен ғылыми-техникалық ынтымақтастықты;

топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды лицензиялауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында меншік түріне қарамастан, әртүрлі ұйымдар жасаған топографиялық және картографиялық өнімдерді сатуды және осы жұмыстарды қаржыландыру көзіне және оны орындаушының ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мемлекеттік есепке алуды жүргізуді;

ұйымдардың өздері орындайтын, топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстардың технологиясы мен сапасын сақтауына мемлекеттік бақылауды ұйымдастырып, жүзеге асырады;

10) мыналарды:

мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен тұрғындардың әр түрлі нысанындағы, ғарыштан қашықтықтан тексеру материалдарын қоса алғанда, картографиялық, фотосуреттік және сандық ақпаратқа деген қажеттілігін;
шығарылатын карталарында Қазақстан Республикасының мемлекеттік

шекарасының, шельф шекараларының, сондай-ақ облыстар мен аудандардың, басқа да саяси-әкімшілік және географиялық элементтердің шекараларында графикалық дұрыс түсірілуін белгіленген тәртіппен қамтамасыз етеді;

11) мыналарға:

Қазақстан Республикасының шекарасын белгілеуге, картаға түсіруге және демаркациялауға;

Қазақстан Республикасымен мемлекеттік шекарасы ортақ мемлекеттер мен екіжақты шарттар жасасқан кезде шекаралық аймақта геодезиялық, топографиялық және картографиялық жұмыстарды үйлестіруге қатысады.

11. Комитет мемлекеттік мекемелерге қатысты заңдарға сәйкес мемлекеттік меншік және мемлекеттік басқару құқығының субъектісі функциясын атқарады.

12. Комитеттің өз құзыретінің шегінде:

белгіленген тәртіппен, мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдардан, жер учаскелерінің меншік иелерінен және жер пайдаланушылардан жерді пайдалану мен қорғау мәселелері жөнінде керекті ақпаратты сұратуға және алуға;

қолданылып жүрген заңдарда көзделген негіздер бойынша жер пайдалану құқығын тоқтату туралы, сондай-ақ егер олар жер туралы заңдарды бұза отырып жүзеге асырылып отырса, құрылыс жұмыстарын тоқтату, жерді игеру мен жақсартуға байланысты шараларды жүргізу туралы тиісті органдарға ұсыныстар енгізуге;

орталық және жергілікті атқарушы органдардың жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу, жер қатынастарын реттеу мәселелері жөніндегі қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін нормативтік актілерінің күшін жою туралы белгіленген тәртіппен ұсыныс енгізуге;

сот органдарында талап қоюшы болуға;

осы Ережеде белгіленген ықпал ету шараларын, тіпті топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды толық тоқтатуға дейінгі шараларды қолдануға құқылы.

III. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

13. Комитетті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босататын Төраға басқарады. Төрағаның Комитет Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады.

14. Төраға Комитет жұмысын басқаруды ұйымдастырып, жүзеге асырады және жүктелген міндеттердің орындалуы мен өз функцияларының орындалуы

үшін дербес жауап береді.

15. Осы мақсатта Комитет Төрағасы:
өз орынбасары мен Комитеттің құрылымдық бөлімше басшыларының
міндеттері мен жауапкершілік дәрежесін белгілейді;
Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады,
сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бекітуіне
облыстық және Алматы қалалық жер ресурстарын басқару комитетінің және
республикалық бағыныстағы ұйымдар басшыларының кандидатураларын
ұсынады;

тәртіптік жаза қолданады;
өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;
құрылымдық бөлімшелер және оның аумақтық органдары туралы ережені
бекітеді;

өз құзыретінің шегінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік
органдарда және ұйымдарда Комитетті білдіреді;
өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

16. Комитеттің құзыретіне жататын ғылыми-техникалық мәселелерді қарай
үшін Ғылыми-техникалық кеңес құрылады. Ғылыми-техникалық кеңес туралы
ережені және оның құрамын Комитеттің Төрағасы бекітеді.